

Түркістан облысы Сайрам ауданы

«Ақбөлем» Бөбекжай бақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАР

(Хаттамалар, жоспарлар, бұйрықтар, кеңес материалдары)

2024–2025 оқу жылы

Түркістан облысы
Сайрам ауданы білім бөлімінің
«Ақбөпем» бөбекжайы»

Ақарыс ауылы

28 тамыз 2024 жыл

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығына және Сайрам ауданы білім бөлімінің 09.03.2021 жылғы №234 санды хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. “Ақбөпем” бөбекжай-бақшасының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес ұйымына мына төмендегі мүшелері тағайындалсын.

Кеңес төрайымы: Баймурзаева Ә

**«Шапағат педагог»БҚЖК
кәсіподақ төрайымы:**

Г.Тілеубердиева

Қамқоршылық кеңес төрайымы:Г.Анарбаева.

**Ақарыс ауылының құрметті азаматшасы,
Н Куздеуова**

Ақарыс ауылық әйелдер төрайымы: Ахметова А

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Бектұрсынова Б

Кеңес хатшысы: С Нурмагамбетова

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**“Ақбөпем” бөбекжай-бақшасы
менгерушісі: Канибекова Е**



«Ақбөпем» бөбекжай-бақшасы педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары.

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде 1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2.Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Тамыз	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде 1.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Қараша	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде 1.Педагогтардың құқықтары. 2.Білім беру процесінің барлық қатысушыларымен қарым-қатынаста педагогтердің педагогикалық этикасы	Наурыз	Хаттама

	сақтауын мониторингтеу. 3. Еңбек тәртібін нығайту, педагогикалық әдепті бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсынымдар жасау.		
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде 1.Педагог бейнесі. 2.Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары. 3.Кеңес мүшелерінің 2024-2025 жылғы қызметін талдау.	Мамыр	Хаттама

Кеңес төрайымы: Баймурзаева Э

Түркістан облысының білім басқармасының Сайрам ауданының білім бөлімінің «Ақбөпем» бөбекжай-бақшасы педагогикалық әдеп кеңестің

Хаттама №1

Ақарыс ауылы

29.08.2024 жыл

«Ақбөпем» бөбекжай-бақшасы – да педагогикалық әдеп кеңесі бөліп өтті.

Қатысқандар: 12

Жиналыс төрайысы: Баймурзаева Э
Ақарыс ауылының құрметті азаматшасы,
: Н Куздеуова
Хатшы: С Нурмағамбетова
Барлық педагогтар

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
2. Педагогтердің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрайымы Баймурзаева Э

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды камтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі

себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы.

Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Екінші сұрақ бойынша зейнеткер Н Куздеуоваға

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, тәрбиеші балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Педагог киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті педагог балаларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адам кіріп келгенде педагогке орнынан тұрып сәлемдесуге кеңес берді. бөбекжай ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады .

Үшінші сұрақ бойынша Ақарыс әйелдер төрайымы Қ.Уракова

Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Кеңес шешімі:

Педагогтардың өз әрекеттері үшін жауапкершілігін арттыру.

Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.

Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы: Баймурзаева Э

Хатшы: С.Нурмағамбетова


Сайрам ауданы білім бөлімінің
«Ақбөпем» бөбекжайы»
менгерушісі
2024 жылғы 28 тамыздағы № 11 бұйрығына
1 қосымша

**Сайрам аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Ақбөпем» бөбекжайының педагог мамандарына
арналған
«Педагогикалық әдеп қағидалары»
ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.
2. Педагогикалық әдеп білім беру ұйымдарының педагогтері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.
3. Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.
4. Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастырылады.
5. Педагогке қатысты талқылаулар және олардың негізінде қабылданған шешімдер педагогтің жазбаша келісімімен ғана жария етілуі мүмкін.

2-тарау. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

6. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-

аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік:

педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуга тыйым салады;

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда әдепті болады. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін (жетіспеушілігін) бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді.

Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейді;

4) патриотизм:

педагог өз Отаны - Қазақстан Республикасына, тарихына, дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды. Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді.

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагогтің толеранттылығы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) төзімділікті, олардың әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, мәдениетке, наным-сеніміне, туған жері мен тұрғылықты жеріне төзімділікті, сондай-ақ жұмыста білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жетілмегенін түсіне және ескере білуді көздейді.

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға ықпал етеді;

6) кәсіби ынтымақтастық:

педагог кәсіптің беделі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалімнің беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Қандай да бір нысанда өз әріптестерінің сенімін теріс пайдалануға, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдем көрсетеді, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмекке келеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

7) үздіксіз кәсіби даму:

педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

3-тарау. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

7. Педагогтер қызметтік және қызметтік емес уақытта:

- 1) педагогикалық әдептің негізгі принциптерін сақтайды;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухына, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;
- 3) білім алушыларға Отанына - Қазақстан Республикасына құрметпен қарауды үйретеді, патриотизм рухын ұялатады;
- 4) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;
- 5) өзінің қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындайды;
- 6) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;
- 7) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;
- 8) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;
- 9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;
- 10) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;
- 11) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;
- 12) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісін ұстанады;

13) педагог мәртебесін пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдаланудан аулақ болады;

14) өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін мүлтіксіз сақтайды, соның ішінде академиялық ортада адалдық пен өзара сыйластық қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қамтамасыз етеді, педагогтің академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер ретінде өзінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне құрмет көрсету, білім беру процесіне қатысушыларды академиялық адалдықтың жоғары стандарттарын алға жылжытуға және қорғауға ынталандыру және көтермелеу, педагогтің пәннің нақты саясатын, білім алушылардан күтілетін талаптарды анықтауы, білім алушылардың жауапкершілігін қамтамасыз ету және олардың академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін пәрменді шаралар қабылдау, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық әділетсіздік танытуға мүмкіндік бермейтін академиялық орта құру;

15) материалдарды БАҚ-та, оның ішінде интернет-басылымдарда жариялайды, жеке тұлға ретінде өз атынан ғана көпшілік алдында сөйлейді, бұл ретте педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмей, пікірталасты дұрыс түрде жүргізуді қамтамасыз етеді, мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына сындарлы емес сыннан және әдепсіз пікірден тартынады, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағына нұқсан келтірмейді;

16) білім беру ұйымының атынан бұқаралық сөз сөйлеулер, БАҚ жарияланымдары осы ұйымның басшысымен келісіледі;

17) әлеуметтік желілерде тексерілмеген және (немесе) дәйексіз және (немесе) әдепсіз ақпаратты таратпайды, қоғамда педагогтің жоғары атағын нығайтуға ықпал етеді;

18) білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға ықпал етеді;

19) білім алушы мен тәрбиеленушінің жетістіктерінің (жетістікке жетпеуінің), оның әлеуметтік жағдайының, ата-анасының (занды өкілдерінің) жұмыс орнының құпиялылығын қамтамасыз етеді және бұл мәліметтер кәмелетке толмаған білім алушы мен тәрбиеленушінің ата-аналарының (занды өкілдерінің) немесе кәмелетке толған білім алушы мен тәрбиеленушінің жазба келісімімен ғана жария етіледі.

8. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагогтер:

1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) білім беру процесіне қатысушыларға есімін атап, құрметті және мәдени түрде, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгінеді, білім беру процесіне

қатысушылардың аты-жөнін жазуда және айтуда ерікті түрде бұрмалау фактілеріне жол бермейді;

3) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестерінің тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесуге күш салады;

4) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

5) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді;

6) педагогикалық әдептің бұзылуына шағым жасаған адамдарды кемсітпейді.

9. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагогтер:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;

2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді;

3) дәйексіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартады, педагогикалық әдіптің бұзылғанына шағым жасаған адамға қарсы жауап шараларын қабылдамайды.

10. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

11. Педагогикалық әдепті сақтау мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының тиісті Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестері жүзеге асырады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы

1. Баймурзаева Э – зейнеткер,
педагогикалық кеңес төрағасы;
2. Г.Кенже - тәрбиеші, педагогикалық кеңес хатшысы;

Кеңес мүшелері:

3. Қ.Сарманова - Сайрам ауданы білім
бөлімінің әдіскері;
4. Тілеубердиева Г -«Шапағат педагог»БҚЖК кәсіподақ
төрайымы:
5. Н.Дуйсеналиев - Құтарыс ауыл округі әкімі аппаратының
бас маманы;
- 6.Рүстембек К тәрбиеші
- 7.Сабит А тәрбиеші
- 8.Жамансариева Г тәрбиеші

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 1 хаттамасы

Ақарыс ауылы

28.08.2024жыл

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 1 хаттамасы

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері.бөбекжай-
бақшасыныңұжымы

Күн тәртібінде

1. Педагогтардың құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары
3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

1.Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі:

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы №645 қаулысы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заңының педагог құқықтары бойынша айтылған тармақтарын атап өтті.

7-бап. Педагогтің кәсіби қызметтегі құқықтары

1. Педагог өзінің кәсіби қызметінде:
 - 1) білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
 - 2) лауазымды және басқа да адамдардың оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғатын кәсіби қызметіне араласуынан қорғауға;
 - 3) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
 - 4) кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және қажетті жағдайлар жасауға;
 - 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

- 6) шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;
- 7) оқу құралдарын, материалдарды және білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;
- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді және оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлануға және сайланбалы лауазымды атқаруға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;
- 11) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының, әдістемелік бірлестіктері мен кеңестерінің, өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіби дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін қоспағанда, мерзімінен бұрын біліктілік санатын алуға;
- 15) ұйымдардағы кітапхананы және ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, сондай-ақ ақпараттық-телекоммуникациялық желілер мен деректер базасына, оқу және әдістемелік материалдарға, кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға қажетті білім беру қызметін қамтамасыз етудің материалдық-техникалық құралдарына қол жеткізуге;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысандарда және тәртіппен қоғамдық кәсіптік ұйымдарға бірігуге;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;
- 18) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;
- 19) " педагогикалық әдеп нормалары бұзылған жағдайда Педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әділ және объективті қызметтік тергеп-тексеруге;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіби дағдыларды қолдау және арттыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 21) өзіне қатысты қабылданатын білім беру ұйымы басшысының актілеріне, әрекеттері мен шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

22) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен кәдір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етуге құқығы

9-бап. Педагогтің көтермелеуге құқығы

2. Екінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы: Баймурзаева Э Педагог тек мұғалім, тренер, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар халық ағартушысы, мәдени құндылықтардың сақтаушысы, лайықты білімді адам. Педагог қоғамдастықтың барлық салаларында өзара әрекеттесудің дұрыс қалыптасуына үлес қосуға тырысады. Педагог жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де жанжалдан, керісуден, аулақ болады. Ол проблемаларды, келіспеушіліктерді болжауға және шешуге бәрінен гөрі дайын, және ол оларды шешудің жолдарын табады. Педагог өзінің азаматтық борышын, әлеуметтік рөлін жақсы түсінеді және орындайды, ерекшеленуден аулақ болады, сонымен бірге ол кез-келген таныс емес ортаға түсіп, онымен қосыла кетуден аулақ болу тиіс.

3. Үшінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы: Баймурзаева Э

Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы Ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына қатысты білім беру ұйымының Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мәселесін қарастыру кезінде мұғалімнің құқықтары қарастырылып отырған мәселе туралы жазбаша ақпарат алу; қарастырылып отырған мәселе бойынша барлық материалдармен танысу; өз құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен жеке өзі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өкіл арқылы қорғау; жазбаша шешім алу; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған шешімге шағымдану құқықтарына ие.

Шешімі:

1. Берілген ақпаратты ескере отырып, әрі қарай жұмыстар жалғасын тапсын.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатаң сақталсын.
3. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Баймурзаева Э

Хатшы: С Нурмағамбетова

«Бекітемін»
«Ақбөпем» бөбекжай – бақшасы»
менгерушісі: Канибекова Е

«Ақбөпем» бөбекжай – бақшасы»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Р/с	Мазмұны	Мерзімі	Анықталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырыс Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту 2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Тамыз	хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырыс Күн тәртібінде: 1. Жеке фото суреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті	Қараша	хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырыс Күн тәртібінде: 1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этика нормалары 3. бөбекжайдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Наурыз	хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырыс Күн тәртібінде: 1. Педагог бейнесі 2. Өзінді-өзі тәрбиелеу жолдары 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Мамыр	хаттама

**ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2
ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «__11__» 11.2024жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: 5 педагог қызметкер

Төраға: Баймурзаева Э.

Меңгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

Күн тәртібі

1. Жеке фото суреттер мен бейнематериалдарды жариялау алдында этикалық нормаларды сақтау.

Тыңдалды

Балабақша меңгерушісі Канибекова Е. педагог қызметкерлерге тәрбиеленушілердің жеке өміріне құрметпен қарау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – әрбір педагогтің басты міндеті екенін атап өтті. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы және педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес тәрбиеленушілердің фото және бейнематериалдарын жариялау кезінде ата-аналардың жазбаша келісімі міндетті екендігі түсіндірілді.

Сөз сөйледі

Төраға Баймурзаева Э. педагогтердің әлеуметтік желілерде кәсіби әдепті сақтауы, ұйымның жағымды беделін қалыптастыруы және балалардың қауіпсіздігін бірінші орынға қоюы қажеттігін атап өтті.


Қаулы


1. Фото және бейнематериалдарды жариялау кезінде педагогикалық әдеп қағидалары қатаң сақталсын.
2. Ата-аналардың жазбаша келісімінсіз материалдар жарияланбасын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

5. Педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.
6. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі арттырылсын.
7. Әлеуметтік желі мен қоғамдық ортада педагог мәртебесіне сай мінез-құлық сақталсын.
8. Қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Канибекова Е.-ге жүктелсін.

Төраға:  Баймурзаева Э.

Меңгеруші:  Канибекова Е.

Хатшы:  Төленді А.

ЖШС «Ақбөлем» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №3 ОТЫРЫС
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «04_» наурыз 2025 жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: 5 педагог

Төраға: Баймурзаева Э.

Меңгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогтардың құқықтары
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этика нормалары
3. Бөбекжайдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Меңгеруші Канибекова Е. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы негізінде педагогтердің құқықтары, кәсіби қызметін жүзеге асыру, қауіпсіз еңбек жағдайы, біліктілігін арттыру және ар-намысын қорғау мәселелері жөнінде баяндама жасады.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ


Төраға Баймурзаева Э. қоғамдық орындарда, ата-аналармен қарым-қатынаста және әлеуметтік желілерде педагогтің әдеп нормаларын сақтау қажеттігін түсіндірді.


3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ


Хатшы Төленді А. балабақшадағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру, өзара сыйластықты нығайту және әдеп кодексін сақтау жөнінде ұсыныстар енгізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.
2. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі арттырылсын.
3. Әлеуметтік желі мен қоғамдық ортада педагог мәртебесіне сай мінез-құлық сақталсын.
4. Қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Канибекова Е.-ге жүктелсін.

Төраға:  Баймурзаева Э.

Меңгеруші:  Канибекова Е.

Хатшы:  Төленді А.

ЖШС «Ақбөпем» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №4 ОТЫРЫС
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «12» мамыр 2025жыл

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: 4 педагог

Төраға: Баймурзаева Э.

Меңгеруші: Канибекова Е.

Хатшы: Төленді А.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагог бейнесі

2. Өзін-өзі тәрбиелеу жолдары

3. Педагогтердің әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Төраға Баймурзаева Э. педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті, жауапкершілігі мен кәсіби әдебі білім беру ұйымының беделіне тікелей әсер ететінін атап өтті.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ

Меңгеруші Канибекова Е. өзін-өзі дамыту, үздіксіз білім алу, курстар мен семинарларға қатысу педагогтің кәсіби өсуінің негізгі шарты екенін баяндады.


3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ


Хатшы Төленді А. әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттың педагог мәртебесіне сай болуы және қоғамдық орындарда этикалық талаптарды сақтау туралы айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

5. Педагогикалық әдеп талаптары қатаң сақталсын.
6. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігі арттырылсын.
7. Әлеуметтік желі мен қоғамдық ортада педагог мәртебесіне сай мінез-құлық сақталсын.
8. Қаулының орындалуын бақылау меңгеруші Канибекова Е.-ге жүктелсін.

Төраға:  Баймурзаева Э.

Меңгеруші:  Канибекова Е.

Хатшы:  Төленді А.